

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің  
«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»  
мамандығы бойынша PhD докторантты Жумаш Жанара Еркиновианың  
«Саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып  
мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» атты  
диссертациялық жұмысына отаңдық ғылыми көзесшісінің**

## ПІКІРІ

Заманның даму барысы мен қарқыны болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне-студенттерге де, мектеп практикасында жүрген мұғалімдерге де – креативті құзыреттілігі қалыптасқан болуын, креативтілікпен жұмыс жасауын талап етуде. Оның басты себептерінің бірі – XXI ғасырдағы бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-инновациялық технологияларды еркін менгеріп жатқандығымен тығыз байланысты танылады. Бұл мәселе – қазіргі оқушылардың креативті құзыреттілігі табиғи түрде қалыптастып жатқандығын көрсететін дерек. Ал мектеп мұғалімдерінің креативті қыры оқушыларының деңгейінен төмен қалып жатпауын көздеу – жоғары оқу орнында болашақ педагогті дайындау үдерісі үшін маңызды дидактикалық-әдістемелік міндет. Осыдан келіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің табиғи бір қыры екендігі танылады.

Саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі осы кезге дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Бастауыш мектепте саят ашуды оқыту әдістемесін, тіл дамыту әдістемесін, жеке пәндерді оқыту әдістемесін зерттеген еңбектерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жекелеген қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылған.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтудымызға болады: саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалады;

– «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың» мәні нақтыланып, құрылымы анықталады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары түзіледі;

– саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады;

– саят ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріледі.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабактастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұастығының сақталғандығын көрсетеді. Докторант бірінші тарауын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілік жайына және «креативтілік», «креативті құзыреттілік», «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымдары мен түсініктерінің мәнін анықтаумен және «краеативтілік» ұғымы және онымен байланысты теориялық материалдарға арнайды. Екінші тарауында креативті тапсырмалар кешенінің жіктемесі тоқталып, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаған. Үшінші тарауы сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасына, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жүзеге асыруына және тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелеріне арналған.

Автордың алынған нәтижелерін негіздеуіндегі негізгі тұғырлары сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленді, оның мазмұны – арнайы курстың оқу бағдарламасынан, құрылымдық-мазмұндық моделінен, креативті технологиялар мен креативті тапсырмалар кешенінен тұрады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда «креативтілік», «креативті құзыреттілік», «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымдары мен түсінігін менгертуге арналған дәрістер сериясы және семинар сабактар блогы, студенттер өздігінен орындауы тиіс жобалар тақырыбы анықталды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курсы жасақталынды: оқу бағдарламасы, әдістемелік құрал, дәрістер, семинар сабактар, өзіндік жұмыс (жоба жұмысы) тақырыптары мен әдістемесі әзірленді; арнайы креативті тапсырмалар кешені әдістемелік нұсқаулығымен әзірленді; Креативті тапсырмалар кешенінің әдістемелік сипаттамасы және жіктемесі жасалынды; креативті тапсырмалардың шығу көздері болып саналатын креативті технологиялар сауат ашуға үйрету үдерісінде қолдану үшін іріктеліп, жүйеленді; креативті тапсырмалардың әдістемелік ерекшеліктері мен талаптары анықталды.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану білім алушылардың қазіргі заманауи әдістерге қызығушылығын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік

жасайды. Бұған қоса, зерттеу нәтижелерін бастауыш сыныптың өзге пәндерін (қазақ тілі, орыс тілі, еңбекке баулу, бейнелеу өнері, т.б.) оқыту барысында да қолдануға болады.

Докторанттың ғылыми үстенімі айқын. Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арнап жасақталған әдістемелік жүйені – әдістемелік құрал мен креативті тапсырмалар кешенін педагогикалық факультеттерде қолдану мүмкіндігі мол. Жүйеленген креативті технологиялар түрлеріне негізделген креативті тапсырмалар кешені болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне сауат ашуға үйрету үдерісін меңгеруде және оны өз бетімен одан әрі шығармашылықпен дамытуда кәсіби дайындығын күштейтеді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын колледждер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында «Әліппені оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда, сонымен бірге арнайы курстар әзірлеуде қолдана алады. Оған қоса, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру курсарында және мұғалімдердің жеке педагогтік тәжірибелісінде қолдануы мүмкін.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында Ж.Е.Жумаштың тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденимпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге мол талдау жасалған.

Жумаш Жанара Еркиновнаның «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» - мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» атты зерттеу жұмысын жаңалығы мол, аяқталған, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп санаймын.

Жоғарыда айтылғандарды және Жумаш Жанардың «Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:  
Педагогика ғылымдарбының  
докторы, профессор



Жұмабаева А.Е.